



Дарынды, гипербелсенді баламен диагностикалық жұмыс

Баланың ерекшеліктерін анықтау, дарынды әрі гипербелсенді балаларда келесі қасиеттер қатар кездесуі мүмкін: жоғары интеллектуалды қабілет, тез ойлау, кең қиял; көңілдің тез бұзылуы, бір тапсырманы ұзақ орындай алмау; қозғалыс белсенділігінің жоғары болуы (отырып жұмыс істеуде қиындық); эмоциялық сезімталдық немесе ашуланғыштық; қиын тапсырмаларға қызығу, ал жеңіл, қайталанатын тапсырмаларға жалықтырып тастауы. Балаға ең алдымен бақылау жүргізілді, қысқа диагностикалық тапсырмалар берілді. Жұмыс бағыттары бойынша когнитивтік (интеллектуалды) бағыт, дарынды баланың ерекшелігін қолдау үшін: деңгейі жоғары, шығармашылық тапсырмалар берілді, логикалық тапсырмалармен жұмыс жасалды. Мінез-құлық және эмоцияларды тану гипербелсенділікпен жұмыс, эмоциялық қолдау баланың жетістіктерін үнемі атап өту жұмыстары жүргізілді.